



БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Базалық мөлшерлемені 18,0% деңгейінде сақтау туралы

Астана қ.

2026 жылғы 23 қаңтар

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1 п.т. дәлізімен жылдық 18,0% деңгейінде белгілеу туралы шешім қабылдады.

Инфляция 2025 жылдың қорытындысы бойынша **12,3%** болып, Ұлттық Банктің болжамына сәйкес келді. Инфляцияның қалыптасуына азық-түлік компоненті (13,5%) көп үлес қосты. Оның құрылымында ет пен май бағасының шарықтауы өндіріс шығындарының өсуіне және жоғары экспорттық жеткізілімдерге негізделген. Азық-түлікке жатпайтын инфляция соңғы айларда айырбастау бағамының нығаюына байланысты біршама төмендеді (11,1%), ал реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифінің әкімшілік шараларға байланысты төмендеуі салдарынан ақылы қызметтер бағасының өсу қарқыны баяулады (12,0% дейін).

2025 жылғы желтоқсанда **айлық инфляция** біршама жеделдеп, 0,9% болды. Базалық инфляция 0,8% деңгейінде – жоғары қалпында қалды.

Инфляция бұрынғыша ұсыныс мүмкіндігінен асып түсетін орнықты ішкі сұраныс жағдайында қалыптасып отыр. Тарифтік реформаның және ЖЖМ нарығын ырықтандырудың қайталама әсері күтулер мен бағаларға әсер етті.

Халықтың алдағы бір жылға **инфляциялық күтулері** өсіп (**14,7%**), құбылмалы күйінде қалды. Инфляция бойынша нарықтағы кәсіби қатысушылардың 2026 жылға жасаған күтулері де 10,8%-ға дейін біршама өсті.

Азық-түліктің әлемдік бағасы соңғы айларда төмендегеніне қарамастан, әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Дәнді дақылдар мен қант бағасы өсу қалпында. Ресей Федерациясында инфляция қатаң ақша-кредит шарттарына байланысты бәсеңдеп, ЕО-да тұрақты түрде төмендеді. АҚШ-та ФРЖ сауда саясатына байланысты инфляциялық тәуекелдердің өскенін атап өтіп, мөлшерлемені біртіндеп төмендетуді жалғастырып келеді. Геосаяси шиеленіс күшейе түсті. Бұл белгісіздікті күшейтіп, мейілінше жоғары инфляциялық жағдайды қалыптастыруы мүмкін.

2025 жылы Қазақстан **экономикасының өсуі** жылдық мәнде **6,5%** болды. Бұл ретте көлікте, құрылыста, саудада, сондай-ақ тау-кен өндірісі мен өңдеу өнеркәсібінде жоғары қарқын сақталып отыр.

Проинфляциялық тәуекелдер, негізінен, ұсыныстың өсу қарқынынан асып түсетін сұраныс, реттелетін бағалар мен ЖЖМ-ның өсуінен болатын ұзақ қайталама әсер сияқты ішкі факторларға негізделген. Жоспардағы ауқымды квазифискалдық ынталандыру форматы мен параметрлері қосымша белгісіздікті қалыптастырады. Ол республикалық бюджетті шоғырландыруда дезинфляциялық әсерді әлсіретуі мүмкін. Тәуекелдер ҚҚС мөлшерлемесін көтеруді және салық төлеушілер қатарын кеңейтуді көздейтін салық реформасын жүзеге асырумен, сондай-ақ таяудағы тоқсандар ішінде бизнесті кейін бейімдеуге де байланысты.

Дезинфляцияға бірқалыпты қатаң ақша-кредит шарттары, кепілсіз тұтынушылық кредиттеудің баяулауы (2025 жылғы 11 айда берудің өсуі – 7,3%), ЕТРТ-ні арттыру арқылы артық өтімділікті қысқарту, алтын сатып алуды «айналау» операциялары мен теңге бағамының нығаюы ықпал етеді.

Ақша-кредит саясаты. Инфляциялық үдерістердің серпіні және тәуекелдер теңгерімі Ұлттық Банктің болжамы мен бағалауына сай қалыптасып отыр. Бұл ретте сыртқы сын-қатерлер, салық жүйесіндегі өзгерістердің ықпалы қаншалықты болатынына қатысты белгісіздік, сондай-ақ осы жылғы екінші тоқсаннан бастап ТКҚ тарифтері мен ЖЖМ бағасының қайта өсу параметрлері базалық мөлшерлемені белгілеуде байыпты әрі сақ ұстанымды қатеж етеді. Осыған байланысты базалық мөлшерлеменің 2026 жылғы бірінші жартыжылдық соңына дейін қазіргі деңгейде сақталу ықтималдығы жоғары.

Ұлттық Банк бағаның өзгеріс динамикасын әрі қарай да тұрақты бақылап, 2026-2028 жылдарға арналған макроэкономикалық тұрақтандыру және әл-ауқатты арттыру бойынша бірлескен іс-қимыл бағдарламасы, сондай-ақ инфляцияны бақылау және төмендету бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін бағалауды жалғастырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің базалық мөлшерлеме бойынша кезекті жоспарлы шешімі 2026 жылғы 6 наурызда Астана қаласының уақытымен сағат 12:00-де жарияланады.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz